

Қ.Ж. Мұханғали 

Сүлеймен Демирель университеті, Қазақстан, Алматы облысы, Қаскелең қ.,
e-mail: Mukhangali.kzh@gmail.com

СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ КОНТЕКСІНДЕ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЦЕНЗУРА ЖӘНЕ АВТОЦЕНЗУРА ЗЕРТТЕУЛЕРІНЕ СИПАТТАМА

Демократиялық мемлекетті дамыту үшін қоғамның сөз бостандығы жайлы түсінігі өте маңызды (Çarkolu & And, 2020). Бейтарап, объективті және шынайы ақпарат беруі тиіс журналистика, әрдайым, барлық қоғамда өз міндетін толықтай атқара алмайды. Бұл сол ел мен қоғамдағы түрлі факторға тәуелді. Аталмыш мәселені түсіну үшін журналистика мектебінің білім алушылары медиадағы сөз бостандығына қатысты терминдерді меңгеруі қажет.

Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты – медиа және коммуникация саласында осыған дейін цензура және автоцензураға қатысты қандай зерттеулер жасалғанын және олардың негізгі идеясы қандай болғанын анықтау. Сондай-ақ, олардың қазіргі сәттегі өзектілігі мен ақпаратты өндіру процесіндегі маңыздылығы қандай деген сұрақтардың жауабын іздейді. Бұл терминдер осыған дейін посткеңестік елдерге қарағанда батыс әлемінде көп зерттелгендіктен, жұмыста Пол О’Хиггинс, Шамик Сэн және Кук пен Хэйлман сияқты зерттеушілердің жұмысына басымдық беріледі. Сөз бостандығына қатысты отандық материалдар да қарастырылады.

Жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығы – цензура мен автоцензураның медианың күн тәртібін қалыптастыруда және журналистік қызметті жүзеге асыруда қандай әсері бар екенін түсініп, оны мүмкіндігінше азайту немесе дұрыс қолдану үшін болашақ маманның студент кезінен осы терминдерді ажырата білуінде.

Зерттеудің нәтижесі бойынша, көптеген зерттеушілер цензура – мемлекеттің тарапынан болатын қысым десе, ал автоцензура – журналистің осы қысымға жауабы деп айтады. Ольга Зевелеваның айтуынша, цензура автоцензура жұмыс істемеген сәтте активті болады (Зевелева, 2020), яғни цензура – бұл тиімді жұмыстың нәтижесі ретінде сипатталады. Кейінгі жылдары жазылған батыс әдебиетіндегі зерттеулердің шолу нұсқасымен таныса отыра, болашақ мамандар бұл білімін әрі қарай тақырыпты ғылыми зерттеуге, медиа теорияларын түсінуге және журналистік қызметін атқаруда қолдана алады.

Түйін сөздер: цензура, автоцензура, сөз бостандығы, күн тәртібі.

K.Zh. Mukhangali

Suleyman Demirel University, Kazakhstan, Almaty region, Kaskelen town,
e-mail: Mukhangali.kzh@gmail.com

Review of the Literature on the Topic of Censorship and Self-Censorship in Journalism in the Context of Freedom of Speech

For the development of a democratic state, public understanding of freedom of speech is very important (Çarkolu & And, 2020). Journalism, which should provide impartial, objective and truthful information, is not always able to fully fulfill its role. It depends on various factors in the country and the society in which the media exists.

The main purpose of the study is to determine what studies have been conducted on the topic of censorship and self-censorship in the field of media and communication and what were their main ideas; the article also seeks answers to questions such as their current relevance and importance in the information production process. Since these terms are more studied in the western world than in the post-soviet countries, this paper focuses on the work of such researchers as O’Higgins, Sen, Cook and Heilman. Kazakhstani materials on freedom of speech will also be considered.

The scientific and practical significance of the work lies in the fact that the future specialist will be able to distinguish these terms from his student days in order to understand the impact of censorship and self-censorship on the formation of the media agenda and the implementation of journalistic activities.

According to the study, many researchers say, that censorship is pressure from the state, and self-censorship is a response to this pressure. According to Olga Zeveleva, censorship is activated

when self-censorship does not work (Zeveleva, 2020). That is, censorship is described as the result of effective work. By studying the review of western literature written in recent years, future professionals will be able to apply this knowledge for further research, understanding of media theory and journalism.

Key words: censorship, self-censorship, freedom of speech, agenda setting.

Қ.Ж. Мұханғали

Университет Сулеймена Демиреля, Қазақстан, Алматынська область, г. Каскелен,
e-mail: Mukhangali.kzh@gmail.com

Обзор литературы на тему цензуры и самоцензуры в журналистике в контексте свободы слова

Для развития демократического государства очень важно понимание общественностью свободы слова. Журналистика, которая должна предоставлять беспристрастную, объективную и правдивую информацию, не всегда способна в полной мере выполнять свою роль. Это зависит от различных факторов, влияющих на страну, общество, в котором существует медиа.

Основная цель исследования – определить, какие исследования проводились на тему цензуры и самоцензуры в сфере медиа и коммуникации и какими были их основные идеи. Авторы статьи в поисках ответов на такие вопросы, как текущая актуальность и важность данных тем в процессе производства информации. Поскольку эти термины больше изучены в западном мире, чем в постсоветских странах, в исследовании основное внимание уделяется работам таких ученых, как Пол О’Хиггинс, Шамик Сен, Кук и Хейлман, использованы также отечественные материалы о свободе слова.

Научная и практическая значимость работы заключается в том, что будущий специалист сможет различать эти термины со студенческой поры, чтобы понять влияние цензуры и самоцензуры на формирование медийной повестки и осуществление журналистской деятельности.

Согласно исследованию, многие ученые говорят о том, что цензура – это давление со стороны государства, а самоцензура – ответ на это давление. По мнению Ольги Зевелевой, цензура активизируется, когда самоцензура не работает, то есть цензура описывается как результат эффективной работы. Изучая обзоры западной литературы, написанные в последние годы, будущие специалисты смогут применить эти знания для дальнейших исследований, понимания теории медиа и журналистики.

Ключевые слова: цензура, самоцензура, свобода слова, повестка дня.

Кіріспе

Сөз бостандығы контекстінде цензураны әдетте мемлекет тарапынан көрсетілетін қысым ретінде қарастырғанымен, оған әсер ететін өзге бір фактор – автоцензура, журналистердің «ішкі» шектеуі бар екенін назарда ұстау қажет. 2009 жылы Сорос Қазақстан Қорының қолдауымен шыққан «Қазақстан масс-медиясы: негізгі ойыншылар, мүмкіндіктер, қажеттіліктер және қауіп-қатерлер» жоба зерттеуінде Қазақстанның 10 өңіріндегі 350 журналисті қамтыған зерттеу нәтижесі бойынша, 65% респондент Қазақстанда цензураның барын, бірақ оның негізгі мәселесі автоцензура екендігі көрсетілген (Абрамов, 2009). Бұл мәселе тек Қазақстан медиа саласында ғана емес, әлемдік БАҚ-та, соның ішінде батыстық және қытайлық медиа сарапшылардың да назарында екенін ескерген жөн.

Зерттеудің мақсаты – БАҚ-тағы цензура мен автоцензураның айырмашылығын және оның қандай нәтижеге алып келуі мүмкін екенін анықтау. Сонымен қатар журналистердің «сыртқы агентке» әсер ету мүмкіндігі аз болған соң,

олардың ішкі цензурасын қалайша азайтуға немесе дұрыс қолдануға болатыны қарастырылады. Қазіргі сәттегі ақпараттың көптігі оқырманға объективті шындықты ұсынудан гөрі манипуляцияға ұшырату қаупі жоғары. Осы себептен де контент өндіруші мамандар, яғни редакция мен журналистер әр мәтіннің және оның берілу формасының маңыздылығын түсінуі қажет.

Зерттеудің гипотезасы – әлемдік тәжірибиеге және зерттеулер нәтижесіне сәйкес, цензураның барлық түрі БАҚ дамуын тежеуге әкеледі. Нәтижесінде шынайы ақпарат таратуы тиіс журналистика оқырманына бұрмаланған контент беруі әбден мүмкін. Зерттеу жұмысының объектісі ретінде өткен ғасырдың соңы мен кейінгі жылдары жазылған осы тақырыпқа қа-тысты негізгі зерттеушілердің жұмыстары алынды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалына британдық Аннет Кун, Пол О’Хиггинс, неміс зерттеушісі Элизабет Ноэль-Нойман, Кук пен Хэйлманның, отандық Салтанат Рыскельдинова мен Сақ

Қайраттың және өзге де зерттеушілердің жұмысы қарастырылады. Бұл үшін теориялық анализ әдісі қолданылады. Медиа және коммуникация саласындағы маңызды зерттеулер SAGE journals, JSTOR, Research gate және Google Scholars сияқты ғылыми негізделген платформаларда “censorship”, “self-censorship” және өзге де ілмек сөздер арқылы ізделінді. Нәтижесінде көптеген мақала ішінде тақырыпқа қатысты негізгі еңбектер іріктеліп, талданды. Сондай-ақ, ЕҰҰ және ҚазҰУ хабаршыларында жарияланған отандық еңбектерге де назар аударылды. Зерттеу нәтижесінде медиадағы цензура тақырыбына қатысты эмпирикалық талдаулар санының аз екендігі байқалды. Мысаева өзінің кейінгі жұмысында атап өткендей, елімізде журналистикадағы зерттеулерге жеткілікті деңгейде назар аударылмай келеді (Мысаева, 2021:8). Осы себептен бұл зерттеуді әрі қарай эмпирикалық зерттеумен, түрлі медиа мысалында қарастырып, журналистикадағы цензура мен автоцензураны анықтау маңызды.

Әдебиетке шолу

Мақалада 20-дан астам зерттеушілердің жұмысы, соның ішінде үшеуі қазақ, екеуі орыс және 19-ы ағылшын тіліндегі еңбектері қарастырылды. Олардың қатарында цензураны зерттеуге аса көңіл бөлген ғалымдар Shameek Sen және Elisabeth Schimpfossдың жұмыстары да зерттеу объектісіне кіреді. Сондай-ақ, 2000-жылдардың басынан бері Орта Азияны зерттеп келе жатқан Мичиган университетінің профессоры Эрик Фридманның бірнеше мақаласы да қолданылды. 2011 жылы жазылған «After the Czars and Commissars: Journalism in Authoritarian Post-Soviet Central Asia» кітабындағы Қазақстандағы сөз бостандығына қатысты материалдар талданды.

Аталған әдебиеттердің негізгі идеялары сарапталып, мақаланы жазу барысында қолданылды. Зерттеушілердің басым бөлігі цензураны теориялық анализ әдісімен, ал автоцензураны тереңдетілген сұхбат пен сауалнама нәтижесінде алған. Сонымен қатар, мәтіндегі цензураны анықтау үшін кейде критикалық дискурс, нарратив және контент анализ де қолданылады.

Бірнеше ғалым цензураның «тікелей» және «жанама» ретінде бөлінетінін алға тартса, ал автоцензура теориясының негізін қалаушылардың бірі Кук пен Хэйлман оны «дербес» немесе «жеке» және «қоғамдық» деп екіге бөледі. Дегенмен екі терминнің бір-бірімен тығыз байланысты екенін және автоцензураның да көп

жылғы жұмыстың нәтижесі екенін ұмытпаған жөн. Сөз бостандығының қандай түрде немесе деңгейде болсын шектелуі жалпы алғанда қоғам дамуының тежелуіне алып келеді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Цензура зерттеулері

Оксфорд университеті баспасының «Медиа және Коммуникация» сөздігіне сәйкес, цензураға бірнеше анықтама беріледі:

Қоғамда пайда болған қандай да бір контенттің бақылауға алыну режимі немесе контексті. Ресми түрде мұның саяси, моральдық, әлеуметтік немесе діни негіздемесі болады;

Қоғамда айтылатын белгілі бір ойдың цензордың басшылығымен реттелуі. Цензор – белгіленген талаптарға сәйкес материалдарды тексеруге құқығы бар үкіметтік, заң және коммерциялық субъектінің ресми өкілі;

Қысым көрсету, басу сияқты түрлі практика мен процесс. Бұл контенттің жартылай немесе толықтай қысымға ұшырауы болуы мүмкін(Oxford Reference, n.d).

Шамик Сэннің деректеріне сәйкес, «цензура» латынның «cernere» сөзінен шыққан. Ол «бағалау, анықтау, пікір беру» сияқты мағыналарды білдіреді(San, 2014). Цензураның тарихы мен юрисдикциясын зерттей келе ол оның авторитарлық және ең демократиялық режимдерде де бар екенін айтады. Оның басты міндеті – қарама-қарсы пікірлерді айтуға мүмкіндік бермеу. Шамик Сэн цензура жеке адам немесе қоғам тарапынан болса да, оның ең танымал түрі – дәстүрлі түрдегі ресми цензура деп айтқан. Яғни ресми цензураның ар жағында цензуралайтын «агент»: адам немесе ұйым тұруы тиіс. Осы себептен америкалық журналист Кэтлин Салливанның айтуынша, цензура – сөздің мемлекет тарапынан шектелуі(San, 2014). Өзге де зерттеушілер мұны мемлекеттің заң тұрғысынан сөз бостандығын шектеуі деп түсіндірген. Танымал саясаткер Хэролд Лассуэл оны атқарушы биліктің қуатына әсер етуі мүмкін қоғамдық пікір, ойды шектеу немесе әлеуметтік, моральдық тәртіпті сақтау үшін жасалатын шаралар деп атап, цензураны негізгі екі топқа бөледі: саяси және моральды. Саяси цензура мемлекеттік басқару шешімдермен байланысты болса, моральды шектеу қоғамдағы түрлі нормалар мен әдеп сақтау жөніндегі ережелерден туындайды. Ал британ зерттеушісі Аннет Кун цензура әрқашан репрессия емес, яғни мәжбүрлі үнсіздіктен гөрі тиімді жұмыстың нәтижесі деп айтқан(San, 2014:178). Бұл жердегі «тиімді

жұмыс» деп институционалды практиканы, яғни жылдар бойғы мемлекеттің саясаты айтылған болуы керек.

Ал адам құқықтарын зерттеуші Paul O' Higgins цензураны алтыға бөліп, кейінгі тарауда қарастыратын автоцензураны да оның бір түрі ретінде көрсетеді (San, 2014 cited O'Higgins, 1972):

Автономды(автоцензура) – адамның саналы және бейсаналы мотивтері нәтижесінде өз пікірін айтпауы немесе өзгертуі;

Әлеуметтік – қандай да бір идеяны социализация немесе санкция арқылы айтуға кедергі келтіру;

Заңды – үкімет, полиция және сот сияқты құзырлы органдардың шектеуі. Яғни олардың арнайы құжат арқылы ережелерді бекітуі және оған арнайы қылмыстық жаза қолдануы;

Аса заңды(extra-legal) – ұялы телефон жазбаларын тыңдау, ескерту, айыпталушының сотта ақпаратын ашуы;

Ерікті(voluntary) – жеке тұлға немесе компанияның өзгелердің сөзіне немесе әрекет етуіне әсер ету. Бұл әдетте жалпы сенім кодексіне негізделеді;

Жасырын (subterranean) – жеке тұлға немесе институттың мемлекеттің қатысуынсыз өз өкілеттігін пайдалануы, яғни саяси цензура.

Зерттеушілер Bennett пен Naím цензураны «тіке» және «жанама» деп екіге топтап, оны былайша түсіндіреді. «Тіке» немесе «классикалық» цензура үкіметтің я биліктің БАҚ-ты, жаңалықтар агенттігі мен ақпараттық сайттарды, желіден өшіруі, бұғаттауы сипатында жүзеге асады. Журналистерге шабуыл жасау, өмірлеріне, жұмысына қауіп-қатер төндіру де тікелей цензураның белгілері. Зерттеушілердің айтуынша, цензураның мұндай түрі мемлекет қазынасына қымбатқа түсуі мүмкін. Өйткені бұл қоғамның ақпарат алу мүмкіндігін шектеу. Біз мұны Қазақстан мысалынан жыл басында болған Қаңтар оқиғасы кезінде үкіметтің интернетті бұғаттауға жұмсаған қаржысынан көре аламыз. NetBlocks дерегіне сәйкес, Қазақстан халқы интернетті толықтай бұғаттау үшін күніне 78 миллион доллар (33 миллиард теңге) жұмсаған (<http://interfax.az/view/855008>). Сонымен қатар, интернет арқылы жұмыс істейтін қызметкерлердің осы күндері зор шығынға батқанын көре аламыз. Ал «жанама» цензура авторитарлық режимдерге азырақ шығын алып келуі мүмкін дейді. Үкімет беделді жаңалықтар ұйымын сатып алу, салықтарды азайту немесе жарнама арқылы олармен достық қарым-қатынас

құра алады. Қазақстанда мұндай мақсатта әдетте мемлекеттік тапсырыс қолданылады. Авторлардың айтуынша, Түркия, Венгрия және Венесуэла елдері БАҚ-пен достықты арттырып, өзін сынайтын медианы үркіту әдістерін қолданған. Яғни цензураның бұл түрі қарапайым азаматтарға салыстырмалы түрде аз байқалуы мүмкін. Өйткені ақпарат үкімет я билікті сынға алмаса да, аудиториясын өзге контентпен қамтамасыз етеді.

Аббаси және Әл-Шарки цензураның негізгі себебі белгілі бір қалыпты тәртіпті ұстап тұру болса да, оның түпкі мотиві билік органдарына қандайда бір қауіп төндіретін ақпаратты қоғамнан жасыру дейді (Abbasi & Al-Sharqi, 2015). Технологияның және әлемнің дамуына қарамастан, қазіргі таңға дейін автократиялық және орталықтандырылған мемлекеттер ашық немесе жасырын түрде билікке қарсы оппозиция үшін естіртпеу үшін цензураны қолданады. Сөз бостандығы не үшін маңызды дейтін сұраққа Rodney O. Smolla оның бірнеше функциясы бар екенін айтады (San, 2014): қатысу мүмкіндігі, шындықты табу, көпшілікті билеу үшін, үкіметті бақылау нәтижесінде жемқорлық пен зомбылықтың алдын алу және азшылықтың дауысын есту үшін тұрақтылықты қамтамасыз ету.

1644 жылы ағылшын публицисі Джон Мильтонның цензураға қарсы екенін көрсететін «Ареопагитика» шығармасы жарыққа шықты. Ол Англияның сол кездегі парламентіне арналған баспа ісінің цензурадан еркін болуын сұрайтын туынды болды (Milton, 1644). Мильтон 1662 жылы Англия парламентінде қабылданған Лицензия актіне қарсы болды. Алайда оның бұл әрекеті дәл сол кезде цензураның жойылуына соншалықты әсер ете алмады. Оның цензураға қарсы болуының үш негізгі аргументі болды (Milton, 1644):

Цензорлардың, яғни туындының «тағдырын» шешетін адамдардың авторлардан тақырыпты аз білуі;

Цензура қауіпті әрі пайдасыз. Өйткені адам зұлымдықты көрмей жақсылықты ажырата алмайды;

Цензура адамның ар-ожданын қорлайды. Өйткені ол адамның өз басымен ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата алмайды, өзінше әрекет ете алмайды деген мағынаны алға тартады.

Шындық пен адамзаттың дамуы тек пікірталас, көптараптық болған кезде ғана пайда болады. Шамик Сэннің айтуынша, түрлі әлеуметтік көзқарастар үшін де цензураның болуы міндетті. Дегенмен екінші жағынан бұл үлкен

державалардың гегемониясын заңдастыруы мүмкін (San, 2014:). Британ фиолософы, социологы және саяси тұлғасы Джон Стюарт Мильдің ойынша да елде сөз және ой еркіндігі болуы тиіс. Ол өзінің «Бостандық туралы» деген кітабында «ешкім ақиқатты білмейтіндіктен, идеяны цензураулау шындықты цензураулау болуы мүмкін» дейді. Мұнан бөлек, ол «идеяларды талқылау – шындыққа жетудің ең жақсы жолы» және «ешқандай идея толықтай дұрыс болмағандықтан, қандайда идеяның бір кішкентай бөлігі болсын білім алуға, бірнәрсені ұғынуға көмектесуі мүмкін. Қате идея да құнды, өйткені ол шындықты тексереді» дейді (Schultz, 2009).

Авторитарлы елдердегі цензураға қатысты көптеген зерттеу бар (Sun & Zhao, 2021). Олардың белгілі бір басым бөлігі Қытай үкіметінің цензураны қалайша іске асыратынына арналған. Соның бірінде Қытайдағы интернет цензурасын табысталған (delegated) деп атайды. Бұл интернет пен БАҚ-ты биліктің тікелей емес, медиа компанияларға осы жұмысты жүктеуі нәтижесінде пайда болуы. Авторлары Sun мен Zhao мұны күрделі әрі уақыт талап ететін әдіс арқылы зерттеген. Қытайда тіркелген арнайы платформаны, Global China, іске қосып, және оның әлеуметтік желі парақшасын ашып, көптеген саясаткер пікірлері мен жаңалықтарды, түрлі ақпарат жариялап отырған. 2017 жылдан бері жарияланған 400 публикацияны зерттеу арқылы медиа компанияның қандай сөздерді немесе суретті, тақырыпты цензуралайтыны анықталған. Зерттеушілер интернеттегі цензураны автоматтандырылған жүйе және адамдар да іске асыруы мүмкін дейді (Sun & Zhao, 2021). Оның логикасын, яғни қалай іске асатынын анықтау үшін кілт сөздерді, саяси шараларды жазу, оқырман локациясы, ескерту хаттары, парақшаның жасы мен көлеміне қарап зерттеген. Осылайша олар Қытайдағы интернет цензурасының динамикалық, көпдеңгейлі және көпкезеңді процестен тұратынын көрсетеді. Бұл мәселені зерттеген тағы бір маңызды ғылыми жұмыста 1403 цензурананған құпия деректер бақыланады. Нәтижесінде Қытай коммунистік партиясының цензураулау жүйесін өзгертіп, қатаңнан жұмсақтау күшке – қоғамдық пікірді қадағалауға көшкені айтылады (Tai, 2014).

Ал өзге елдерде, мысалы, Ресей телеарнасы қызметкерлеріндегі цензура мен автоцензураға қатысты зерттеуде кей ақпараттың жариялануы президент әкімшілігінің мәжбүрлеуінен емес дейді (Schimpfossil & Yablokov, 2014). Көптеген

репортаж бен ток-шоулар ашық саяси қысымға қарағанда медиа персонаның немесе тілшінің мінезін көрсетеді делінген. Танымал журналистермен және тілшілермен сұхбаттасу арқылы федералды телеарнада мәжбүрліктің жоқ екенін, ал автоцензура орысша «адекватность» сөзімен сипатталып, олар үшін кәсібиліктің нышаны екендігі анықталған. Мамонтов және Киселев сынды танымал медиа тұлғалар цензура мен автоцензураның БАҚ-тың күн тәртібіне әсер етпейтінін алға тартады (Schimpfossil & Yablokov, 2014). Өкінішке қарай, Қазақстан мысалында цензураны Қытай сияқты эмпирикалық талдау арқылы анықтаған зерттеулер таба алмадық. Алайда зерттеушіге медиадағы цензураны анықтау үшін оның куәсі болып немесе материалдың жарияланбағанын дәлелдейтін айғақты табу қиын. Осы үшін де журналистердің жұмысы арқылы автоцензураның белгілерін анықтауға мүмкіндік көбірек. Мұны алдағы тақырыпшада талдайтын боламыз.

Автоцензура зерттеулері

Көптеген жыл бойы зерттеушілер объекінде цензура болғандықтан, автоцензура анықтамасы салыстырмалы түрде жақында 2000-жылдардан бері зерттеле бастады. Кей зерттеуші оны цензураның бір бөлігі ретінде қарастырды. Мысалы, Пол Хигман оны автономды цензура деп атаған болатын. Кук және Хэйлман 2012 жылғы зерттеуінде автоцензураны цензураға ие болған адамның, яғни біздің жағдайымызда журналистің, сыртқы цензураға жауабы деп айтты (Cook & Nailman, 2012). Олардың ойынша, қоғамдық цензорлар мен жеке адамдар арасындағы ерекшеліктер цензордың қатысуынсыз да жүзеге асуы мүмкін. Кук пен Хэйлман автоцензураны дербес (жеке) және қоғамдық деп екіге бөледі. Қоғамдық – цензор мен цензураға ұшыраған адамның жеке, дара агент болуы және екіншісінің сыртқы цензураға жауабы. Дербес\жеке – цензор мен цензураға ұшыраған адамның бір агент болуы және оның сыртқы цензор жоқ кезде де өзін цензурауы. Яғни дербес автоцензурада қоғамдық цензор, әлдебір сыртқы қысым болмайды. Әдетте бұл кейстерде адамның я журналистің өз ішкі сенімі, сезімі, өзі жұмыс істейтін редакцияның, қоғамның нормалары, өзге де себептер болуы мүмкін. Алайда адам не журналист бір редакцияның немесе ортаның уақыт өте келе қандай да бір ережелерін қабылдаса, ол кейіннен қоғамдық автоцензураға айналуы мүмкін. Яғни қоғам тікелей емес, бірақ жанама әсер етіп, адамның ішкі сенімін өзгерте алады.

Тараз Федирко 2020 жылғы Украина телеарналарында жұмыс істейтін журналистердегі автоцензураны зерттей келе оны 3-ке бөлген: прагматикалық, этикалық және аффективті (эмоционалды) (Fedirko, 2020). Прагматикалық автоцензура қуатты тараптар қалыптастырған нұсқаулықтарға жауап ретінде журналистердің күнделікті жұмысында қолданатын жеке санкциясы дейді. Ол қорқыныш сезімінен ғана емес, көптеген фактордың әсерінен туындайды. Этикалық автоцензура – журналистің ақпаратты жеке этикасына сай емес деп есептеуі және әлеуметтік қарым-қатынастарын үзбеу үшін осыған жол беруі. Ал аффективті автоцензура ақпаратты жеткізуде объективтіліктің болмауынан, журналистің жеке эмпатиясын білдіріп, саяси көзқарасын қосқан кезінде пайда болады. Мысалы, журналист өзіне ұнайтын адамнан сұхбат алғанда оның толықтай объективті болуы қиын.

Зерттеушілер Jungblut және Hoxha да автоцензураны сөз бостандығының индивидуалды тұрғыда шектелуі деп есептейді (Jungblut & Hoxha, 2016). Олардың айтуынша, егер журналист репортаждың өзіне немесе өзгелерге пайданан гөрі зиян алып келетінін түсінсе, олар бірден ол оқиға жайлы айтпауды жөн санайды. Яғни бұл шынайы өмірде болуы мүмкін қауіптерден емес, журналистің жеке қабылдауына байланысты туындайды. Мұны зерттеушілер неміс саясаткері Элизабет Ноэль-Нойманнның «үнсіздік спиралі» теориясымен түсіндіреді. Оған сәйкес, жеке адамның өз пікірін білдіруі белгілі бір мөлшерде қоғамдық пікірге, оның қандай екеніне байланысты. Мысалы, егер журналист бір тақырып жайлы қоғам өзгеше ойлайды деп қабылдаса, ол оны редакцияға ұсынбауы немесе дайын материалды баспаға жібермеуі мүмкін. Дегенмен адамдар қабылдайтын, түсінетін қоғамдық пікір шындығында ондай болмауы мүмкін дейді (Scheufele and Moy, 2000).

Зерттеуші және журналист Murat Yesil автоцензура журналистиканы үлкен қауіпке қойып отыр деп есептейді. Нәтижесінде, медиаға сенім төмендеп, ең маңыздысы – қоғам ақпарат алу құқығына сай болып жатқан оқиға жөнінде толық мәлімет ала алмайды (Yesil et al, 2014). Ramadan Çirugüдің зерттеу мақаласында канадалық философия профессоры Рэндал Марлиннің автоцензураға алып келетін түрлі жолды қарастырып, оны төртке бөлген: медианың экономикалық мотиві, цензураның түрлі деңгейі, формасы – журналистің сөздерді қол-

дануы, қысымның түріне байланысты (Çirugü, 2015). Bodrunova et al. зерттеуінде Friedrichтің редакциядағы гейткипинді микро, мезо және макро деп үш деңгейге бөледі. «Микро» жасы, жынысы, моральдық шектеулері, ішкі мәдениеті, дәстүрі мен жеке сеніміне, саяси пікір сияқты адамның жеке көзқарастарымен байланысты. «Мезо» редакциялық немесе кәсіби деңгейді білдіреді делінген. Мұнда қысым коммерциялық мотивпен, редакция саясатымен байланысты болады. Ал «макро» саяси режим, экономикалық шектеу сияқты сыртқы қысымдарға тәуелді (Bodrunova et al, 2020).

Медиа зерттеушісі Ольга Зевелева «осыған дейінгі журналистердегі автоцензура зерттеулерінде оның демократияға зиян екендігі айттылады» деген (Зевелева, 2020:2). Ол кәсібилікке де зиян келтіреді дейді. Кейінгі жылдары медиа зерттеулерінде тарихшы Мэттью Банн Жаңа цензура теориясы деп атаған ұғым пайда болды (Зевелева, 2020:4). Джудит Батлер, Мишель Фуко, Пьер Бурдьенің жұмыстарына негізделіп жасалған бұл теория цензураны сөз бостандығын бұзатын емес, барлық әлеуметтік қарым-қатынастарда бар құрал ретінде қарастырады. Ольга Зевелеваның жазуынша, автоцензураны қоғамдағы билік өкілдері қолдайды, ал цензура автоцензура жұмыс істемеген сәтте активті болады. Осылайша, Бурдьенің «алаң» теориясына сүйене отырып, ол цензура – сыртқы агент, яғни мемлекеттің ішкі ортаны шектеп, өз ережелерін айтуы деп есептейді. Ал автоцензура – жеке «аланда» әлеуметтік топтардың әрекеті, бірақ олардың әрекеті сыртқы топтан ықпал алады дейді. Яғни бұл теорияға сәйкес, автоцензура цензураның бір бөлігі және оның салдары екенін көре аламыз. Бұған қоса, бурдьевистік анализге сай, автоцензура – журналистердің өз капиталын жоғалтып алу қорқынышы. Ал капиталға экономикалық, мәдени, әлеуметтік және символикалық ерекшеліктер жатады.

Әлеуметтік ғылымдарда цензура мен автоцензураны анықтау үшін ғалымдар осыған дейін сауалнама және тереңдетілген сұхбат әдістеріне жиі сүйенген. Яғни сапалық және сандық зерттеу әдістерін қатар қарау арқылы медиадағы сөз бостандығы қысымын мүмкіндігінше анықтауға болады. Сонымен қатар, цензураның бар/жоғын анықтау үшін критикалық дискурс анализ, нарратив және контент анализ сияқты сапалық зерттеу әдістерін қолдануға болады. Алайда әдістер осы тізіммен ғана шектелмейді. Мақала авторының назарына ілікпеген өзге де әдістер болуы мүмкін.

Қазақстандағы сөз бостандығы

1960-жылдардан бері медианың мемлекеттің даму үрдісіндегі рөлі жайлы көптеген зерттеу жүргізілсе де, посткеңестік елдер зерттеушілер нысанынан тыс қалған (Freedman, 2011). Бұл пікірдің айтылғанына он шақты жыл өткенімен, қазіргі сәтте де Қазақстандағы сөз бостандығы жайлы батыс зерттеушілерінің соншалықты көп жұмысын көре алмадық. Мұны Фридман посткеңестік аймақтың батысқа алыстау орналасуына және кеңес үкіметі кезінде жабық саясатты ұстануында деп түсіндіреді. Орта Азияға большевизм келген сәттен посткоммунистік авторитаризмге дейін мұндағы БАҚ түрлі қысымға ұшырады (Freedman, 2011). Оның айтуынша, билік жаңа мемлекетке бұрынғы советтік модельді бейімдеп, тек марксистік-лениндік идеологиядан бас тартты. Зерттеуші Ричард Шафер Орта Азия елдері тәуелсіздік алған соң демократиялық қоғамдағы журналистикаға өтуге ұмтылыс жасады дейді. Әдетте батыс журналистикасы құндылықтарына негізделген демократиялық медианы семинар және воркшоптар арқылы қалыптастыруға тырысты (Shafer, 2011). Оның айтуынша, бұл семинарлар мен тренингтер әдетте сұхбат алу, идеяларды дамыту, лид жазу, дереккөзді көрсету сияқты практикалық дағдыларды түсіндіруге негізделген. Зерттеушілер Орта Азияда неліктен сөз бостандығы орнамағанын түрлі экономикалық, саяси, мәдени факторлармен қоса, азаматтардың діни ұстанымының да әсері бар деген ұсынысты алға тартады (Freedman & Shafer, 2009). Алайда тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, 1992-1993, Freedom House халықаралық ұйымының есебіне сәйкес, бұл елдер «жартылай еркін» болды. Уақыт өте бұл тізімде тек Қырғызстан ғана қалып, қалғандары «еркін емес» деген статуска ие болды (Freedom House, 1993). Ал Рои Орта Азия елдерінде демократиялық құқықтар дамуы үшін бірнеше кедергінің бар екенін және олардың БАҚ-қа қатысты екенін айтады. Атап айтқанда, бюрократиялық жүйені советтік әкімшілік басқару жүйесінен мұраға алуы, совет үкіметі кезіндегі коммунистік партия басшылығының билікте қалуы және дәстүрлі авторитарлы қоғамның сақталуы. Кенну мен Гросстың зерттеу мақаласында Орта Азиядағы журналистиканың «төртінші билік» функциясына қарағанда қоғаммен байланыс (пиар) саласымен ұштасатынын айтады (Kenney & Gross, 2008:3). Олардың ойынша, сөз бостандығын тек билік қана шектемейді, бұл сол аймақтағы дәстүр мен отбасылық, әлеуметтік құндылықтарға да байланысты.

Бұл тақырып аясындағы отандық зерттеулерге келетін болсақ, Рыскелдинова мен Сақ Қазақстан мен өзге ТМД елдерінің әлі күнге дейін совет кезіндегі коммунистік режим қағидаларынан арылуға тырысып жатқанын айтқан. Олардың айтуынша, отандық заңнамада Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге сай сөз бостандығы құқықтары жоқ және заң БАҚ-тағы пікір алуандығын нығайтуға кедергі болып отыр (Рыскелдинова & Сақ, 2021). Мақалада журналист пен редакция еркіндігінің, яғни дербестігінің журналистика үшін маңыздылығы атап өтілген. Өтемисов пен Қошкенов өткен ғасырдың ортасында Сиберт, Шрамм және Питерсон билік пен қоғам арасындағы қатынастың бірнеше моделін ұсынса да, Қазақстанның нақты қай моделге жататынын анықтау қиын дейді. Бұған қоса, авторлар мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін БАҚ аудиторияның емес, саяси лидерлердің қызығушылығын алға қоятынын айтады. Ұлттық қауіпсіздік мақсатымен ақпаратты жасыру БАҚ пен билік арасында қарым-қатынастың күрделендіріп, екіншісіне сенім азаятыны жазылған (Утемисов & Кошкенов, 2021:4).

Қазақстан көптеген дүниежүзілік сөз бостандығы рейтингінде төменгі орында тұр. Тәуелсіздік алған жылдан бері бұл көрсеткіш аса өзгермеді. Бұл туралы «Әділ сөз» қорының есептері, Human Rights Watch, Freedom House ұйымдарының жыл сайынғы деректері көрсетеді. 1950 жылдан бері әлемдегі еркіндік рейтингін жасайтын Freedom House құқыққорғаушы ұйымының 2021 жылғы есебіне сай, Қазақстан «еркіндігі жоқ» елдердің қатарында. Есептің ішінде Қазақстан медиасына қатысты мұндағы БАҚ-тың тәуелсіздігі қатты шектелген әрі іс жүзінде көптеген медиа мемлекетке және онымен қатысы бар адамдарға тәуелді деп жазылған. Оған қоса, елде автоцензура кең жайылған, билік тәуелсіз БАҚ-ты қудалады немесе жабуға әрекет жасады дейді (Freedom House, 2021).

Мақаланың алғашқы бөліміндегі зерттеушілер Bennett пен Naïmның теориясына сүйенсек, Қазақстанда «тіке» немесе «классикалық» цензураның түрлі көрінісін көруге болады. Мысалы, әдетте түрлі мереке кезінде өтетін митингілер барысында Алматы қаласының бас көшелері мен орталық аймағында интернеттің бұғатталатын тұрғындар жақсы біледі. Сондай-ақ, наразылық, түрлі шеруден хабар тарататын журналистер кейде физикалық қудалауға ұшырап жатады. 2021 жылы сәуірдің басында «КТК», «Астана» және «31 арнаның»

журналистері полициядан қысым жасауды доғаруын талап еткен еді (Azattyq, 2021). Журналистер полицейлердің олардың телефонын тартып алмақшы болып, қолшатырын сындырғаны және өзге де физикалық, моральды қысым көргендерін айтқан. Қазақстандағы журналистерге қатысты барлық қысым мен шектеулерді жыл сайын «Әділ сөз» халықаралық қоры бақылап, статистика жүргізеді. Ал зерттеушілер сипаттаған «жанама» цензураның жарқын мысалы ретінде Қазақстанда мемлекеттік тапсырыс арқылы өндірілетін контентті атауға болады. Жоғарыда зерттеушілер Рыскельдинова мен Сақ атап өткендей, журналистикада редакцияның еркіндігі өте маңызды. Қазақстанда жыл сайын мемлекеттік тапсырыс аясында шамамен 40 миллиардтан астам теңге жұмсалады (Vlast, 2019). Тізімнің ішінде дәстүрлі журналистика саналатын «Хабар», «Қазақстан» ұлттық арнасы, «Егемен Қазақстан» және өзге де медиа бар. Дегенмен үкіметтің медиаға қаржы бөлуі тек Қазақстанда бар ғана тәжірибе емес. Бұл жердегі басты мәселе – аталмыш медиа редакцияларының еркін болуы, объективті әрі шынайы ақпарат бере алуы. Бұл үрдісті 1968 жылы Маккомбс пен Шоу алғаш рет таныстырған «күн тәртібі» (agenda-setting) теориясымен түсіндіруге болады. Оған сәйкес, редакция ақпаратты ұсынғанда кейбір тақырыптарға басымдық беріп, оқырман үшін маңызды деп есептейтін жаңалықтарды іріктеп береді. Осылайша адам БАҚ ұсынған мәселелер мен ақпаратқа ғана назар аударады. Яғни редакция елде болып жатқан қоғамдық-саяси маңызды оқиғаларды оқырманына жеткізбесе, ол үшін де бұл жаңалық «жоқ». Ал күн тәртібіне сай ақпаратты іріктеу журналистке ғана емес, редактор, БАҚ-тың меншік иесі және қаржылай демеушісіне де байланысты. Мысалы, 2021 жылдың маусымында Маңғыстауда қуаңшылық салдарынан мал қырылып жатқан кезде әкімдікпен келісімге отырған zakon.kz басылымы оның жұмысын насихаттап, «аймақта жем-шөптің жеткілікті қоры жиналғаны» және әкімнің атқарып жатқан жұмысы жөніндегі мәлімдемесін берген еді (Ras aitamyn, 2021). Qamshy.kz порталы да сол күндері «Маңғыстау облысына 9 вагон арпа жеткізілді», «әкім мал азығы қорын молайтуға 200 млн теңге бөлді» және «жағдайды жақсарту жөнінде бірқатар ұсыныс жолдағаны» жазылған бірнеше ақылы материал жариялаған (Qamshy.kz, 2021). Осылайша медианың мемлекеттен тапсырыс алуы оның күн тәртібіне әсер етіп, жанама цензураға алып келуі мүмкін.

Цензураның белгілерін жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер арқылы бақылауға болатын болса, журналистегі автоцензура көрінісін бірден көру мүмкін емес. Қазақстан журналистикасында автоцензура мәселесі барын Soros және Internews қорларының зерттеу нәтижелерінен көруге болады. Internewстің БАҚ мүшелерімен өткізген фокус группасы барысында респондент журналистердің материал жазғанда «президент», «басқарма төрағасы» сияқты лауазымдарды неліктен бас әріппен жазатыны жайында сауал қойып, мұны да автоцензураның элементі ретінде қарастырады (Internews, 2019). Ал Elbaz бен өзге зерттеушілер автоцензураны журналистердің кей тақырыпты жазған кезде «жұмсақ» немесе жалпы сөздерді қолдануынан, редакцияны негатив бағытта көрсетуі мүмкін оқиғаның кей жерін өзгеше баяндап, әсірелеуінен немесе сезімтал тақырыптар жайлы мүлде жазбауынан көруге болады дейді (Elbaz et al, 2017). Мысалы, «Егемен Қазақстан» басылымының 2019 жылдың наурыз айынан, елде билік транзиті басталған сәттен, жылдың соңына дейінгі аралықтағы контент анализ нәтижесінде Қазақстанда осы кезеңде болған бірде-бір наразылық жайлы ақпарат жазылмағаны байқалды. Таралымы 200 мыңға жуық республикалық әрі қоғамдық-маңызды газет елде болып жатқан аса маңызды оқиғалардың барлығын бірдей жазуы керек еді. Десе де, журналистердегі автоцензура деңгейін нақты зерттеу үшін алдағы уақытта эмпирикалық талдаулар жасалуы тиіс.

Қорытынды

«Цензура» термині біздің заманымызға дейін пайда болғандықтан оны зерттеу де ертеректе басталды. Қазіргі таңда цензураға қарағанда автоцензура зерттеулері өзекті десек болады. Өйткені сөз бостандығының шектелуіне қатысты өткен ғасырда көптеген маңызды құжат қабылданды. Олардың ең алғашқысы 1948 жылы БҰҰ резолюциясымен қабылданған – Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Қазақстан 1992 жылы БҰҰ құрамына ресми енген сәттен бастап, бұл құжаттың талаптарын сақтауы және орындауы тиіс. 1976 жылдан өз күшіне енген Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні де Қазақстан 2005 жылы ратификациялады. Бұл құжаттардың арқасында көптеген елде тікелей цензура жойыла бастады.

Дегенмен мемлекет цензураға кепілдік бере отыра түрлі заң мен халықаралық құжатқа сүйеніп, сөз бостандығын түрлі жағдайда шектей алады. Мысалы, Азаматтық және саяси құқықтар

туралы халықаралық пактісіне сәйкес, басқа тұлғалардың құқықтары мен абырой-беделін құрметтеу үшін және мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, жұртшылықтың денсаулығын немесе имандылығын қорғау қажеттілігі үшін қолдана алады. Бұл туралы Кук және Хэйлман цензуралық режимдер бұл әрекетіне әрқашан қорғаныс немесе ақтайтын дәлел іздейді дейді. Мысалы, олар әдетте ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп немесе демократиялық теңдік сияқты ұғымдарды пайдаланады (Cook & Nailman, 2012). Осылайша, қазіргі сәтте цензура қай жерде болмасын жойылмады, тек оның түрлі форматы мен жаңа әдістері пайда болды. Цензураның қай түрі болмасын БАҚ дамуының тежеуіне және ақпараттың объективтілігін жоғалтуына алып келеді.

Ал автоцензура зерттеулері 2000-жылдардан бері белсенді дамып, медиа саласына қомақты үлесін қосты. Тереңдетілген сұхбат және сауалнама нәтижесінде көптеген зерттеуші авторитарлы режимдерде журналистердің автоцензураны жиі қолданатынын айтқан. Сондай-ақ, зерттеу нәтижесінде медиадағы цензура тақырыбына қатысты эмпирикалық талдаулар санының аз екендігіне анықталды. Мұның бір себебі – цензура көрінісін медиа объектісін зерттеу арқылы анықтау қиындау. Ал журналистердегі автоцензураға қатысты көптеген тұшымды ғылыми еңбектер бар және Қазақстандағы коммуникация және медиа саласына да осындай ғылыми зерттеулер қажет.

Мүдделер қақтығысы. Мақала ешбір ұйым тарапынан қаржыландырылмады.

Әдебиеттер

- Abbasi, I.S., & Al-Sharqi, L.M. (2015). Media censorship: Freedom versus responsibility. *Journal of Labelled Compounds and Radiopharmaceuticals*, 7, 21-24.
- Abramov, D. (2010). Results of research “Kazakhstan mass media: key participants, possibilities, needs and risks”. The International Centre of Journalism MediaNet
- Bodrunova, S. S., Litvinenko, A., & Nigmatullina, K. (2021). Who is the censor? Self-censorship of Russian journalists in professional routines and social networking. *Journalism*, 22(12), 2919–2937. <https://doi.org/10.1177/1464884920941965>
- Çarkoğlu, A., & Andi, S. Support for Censorship of Online and Offline Media: The Partisan Divide in Turkey. *The International Journal of Press/Politics*, 194016122093532. <https://doi.org/10.1177/1940161220935322>
- Çipuri, R. (2015). Reasons of self-censorship landscape for journalists. *International research review*, Thesis no 1.
- Cook, P., & Heilmann, C. (2013). Two Types of Self-Censorship: Public and Private. *Political Studies*, 61(1), 178–196. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9248.2012.00957.x>
- Elbaz, Sagi & Magal, Tamir & Nets-Zehngut, Rafi & abutbul selinger, Guy. (2017). Self-Censorship of Narratives of Political Violence in the Media. 10.1007/978-3-319-63378-7_6.
- Fedirko, T. (2020). Self-censorships in Ukraine: Distinguishing between the silences of television journalism. *European Journal of Communication*, 35(1), 12–28. <https://doi.org/10.1177/0267323119897424>
- Freedman, E., & GRAHAM, N. A. (2011). Theoretical Foundations for Researching the Roles of the Press in Today’s Central Asia. In E. Freedman & R. Shafer (Eds.), *After the Czars and Commissars: Journalism in Authoritarian Post-Soviet Central Asia* (pp. 1–16). Michigan State University Press. <http://www.jstor.org/stable/10.14321/j.ctt7ztd46.3>
- Jungblut, M., & Hoxha, A. (2017). Conceptualizing journalistic self-censorship in post-conflict societies: A qualitative perspective on the journalistic perception of news production in Serbia, Kosovo and Macedonia. *Media, War & Conflict*, 10(2), 222–238. <https://doi.org/10.1177/1750635216673283>
- Internews (2019). *Issledovaniye potrebitel'skoy mediasoobshchestva Kazakhstana*, 46
- Kenny, T., & Gross, P. (2008). Journalism in Central Asia: A Victim of Politics, Economics, and Widespread Self-censorship. *The International Journal of Press/Politics*, 13(4), 515–525. <https://doi.org/10.1177/1940161208324644>
- Koshkenov, N., & Utemissov, Z. (2021). Kazakhstan media challenges in the context of media and government relations in the Republic of Kazakhstan. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series*, № 1(134). 10.32523/2616-7174-2021-134-1-37-51
- Milton, J (1644). AREOPAGITICA (JEBB ED.) http://files.libertyfund.org/files/103/1224_Bk.pdf
- Myssayeva, K. (2021). Journalism education during the Independence years of Kazakhstan. *Herald Of Journalism*, 62(4), 4-12. doi:10.26577/HJ.2021.v62.i4.01
- Newth, M. (2010). The long history of censorship http://www.beaconforfreedom.org/liste.html?tid=415&art_id=475
- Oxford Reference. (n.d.). Censorship. In *Oxfordreference.com*. <https://www.oxfordreference.com/view/10.1093/oi/authority.20110803095558166>
- Sak, K., & Ryskeldinova, S. B. (2021). Freedom of speech as a key condition for democracy. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series*, № 1(134). 10.32523/2616-7174-2021-134-1-27-36
- Scheufle, D.A., & Moy, P. (2000). TWENTY-FIVE YEARS OF THE SPIRAL OF SILENCE: A CONCEPTUAL REVIEW AND EMPIRICAL OUTLOOK. *International Journal of Public Opinion Research*, 12, 3-28.

- Schimpfoss, E., & Yablokov, I. (2014). Coercion or Conformism? Censorship and Self-Censorship among Russian Media Personalities and Reporters in the 2010s. *Demokratizatsiya: The Journal of Post-Soviet Democratization*, 22(2), 295-311.
- Schultz, D. On Liberty. <https://www.mtsu.edu/first-amendment/article/872/on-liberty>
- Sen, S. (2014). RIGHT TO FREE SPEECH AND CENSORSHIP: A JURISPRUDENTIAL ANALYSIS. *Journal of the Indian Law Institute*, 56(2), 175–201. <http://www.jstor.org/stable/43953700>
- Shafer, R., & GRAHAM, N. A. (2011). Soviet Foundations of the Post-Independence Press in Central Asia. In R. Shafer & E. Freedman (Eds.), *After the Czars and Commissars: Journalism in Authoritarian Post-Soviet Central Asia* (pp. 19–32). Michigan State University Press. <http://www.jstor.org/stable/10.14321/j.ctt7ztd46.4>
- Sun, T., & Zhao, Q. (2021). Delegated Censorship: The Dynamic, Layered, and Multistage Information Control Regime in China. *Politics & Society*. <https://doi.org/10.1177/00323292211013181>
- Tai, Q. (2014). China's Media Censorship: A Dynamic and Diversified Regime. *Journal of East Asian Studies*, 14(2), 185–209. <http://www.jstor.org/stable/26335242>
- Yesil, M. & Mahallesi, Karaciġan & Caddesi, Ankara & Karatay, & Turkey, Konya. (2014). The Invisible Threat for the Future of Journalism: Self-Censorship and Conflicting Interests in an Increasingly Competitive Media Environment. 3.
- Zeveleva Olga (2020). Self-censorship of journalists in Tatarstan and Crimea in a comparative perspective: Pierre Bourdieu and the new theory of censorship. *Laboratory: Journal of Social Research*. 12(3):150–177 DOI: 10.25285/2078-1938-2020-12-3-150-177

Электронды ресурстар

- <https://freedomhouse.org/country/kazakhstan/freedom-world/2020>
- <https://www.azattyq.org/a/31187155.html>
- <https://web.telegram.org/z/#-1203983871>
- <https://vlast.kz/obsshestvo/31155-cto-ne-tak-s-goszakazom-v-smi.html>
- <https://qamshy.kz/article/65098-manhghystau-oblysyna-9-vagon-arpa-dgetkizildi#>